

ЖАҚСЫ АДАМДАР ЖАНЫМЫЗДА НАР ТҰЛҒАЛЫ АЗАМАТ

Ауданымыздағы спорттық жан—жақты дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан ар қалы азаматтардың бірі—Жәкен Ақыжанов. Ердiң жасы елуді еңсеріп қалған Жәкен Ақыжанұлы 1942 жылы қыр күйектің 10—жұлдызында дүниеге келген. Еңбек жолын 1966 жылы аудандық бала—лар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жаттықтырушылықтан бастаған ол содан бері өткен 32 жылда үзбей спорт саласында жемісті еңбек етіп келеді. Қазақша күрестен және самбодан спорт шебері Ж. Ақыжанов 1964 жылы Ленинград қаласында өткен әскери аймақтық біріншілікте самбодан спорт шеберлігіне кандидат болса, 1968 жылы Бүкілодақтық ауыл спортшыларының біріншілігіне қатысып жүлдемен оралды.

1973 жылы Торғай қаласында өткен Қазақстан спортшыларының спартакиадасында қазақша күрестен I—орынға ие болып қазақша күрестен спорт шебері атағын қорғады. 1975 жылы Ташкент қаласын

да самбодан өткен бүкілодақтық турнирге қатысқан Ж. Ақыжанов самбодан спорт шебері атағын алып оралды.

1981 жылдан бүгінгі күнге дейін аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры қызметін атқарып келе жатқан Жәкен Ақыжановтың алдын көріп, күрестік қыр—сырын жетік игерген шәкірттері көптеп саналады. Республика чемпиондары, спорт шеберлері Т. Төлепбеков, Қ. Әбішев, С. Айнатаев тәрізді Жәкеннің шәкірттері ауданымыздың да мақтанышы.

Ж. Ақыжанов жетекшілік ететін аудандық спорт мектебінің спортшылары аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болу жемісті еңбектің арқасы екені даусыз.

Құралайды көзге атқан мер

ген Ж. Ақыжанов жыр алыбы Жамбылдың 150 жылдық мерейтойына орай өткізілген спартакиада да аудан намысын қорғап, жамбы атудан

күсбегілікті дамытуда да сүбелі үлес қосып, нәтижелі жұмыстар жүргізіп келеді. Жәкен Ақыжанұлының қажыр—қайраты мен ұлттық өнерге

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті де, ардақты **Жәкен АҚЫЖАНҰЛЫ**, Аюлы төсінде «Ардагер күрескер» атты турнирдің есіміңізбен өту мерекесімен құттықтаймыз!

Ұзақ өмір, зор денсаулық, еңбекте табыс, отбасында бақыт тілейміз.

Игі тілегің: апайың Жібек, жолдастарың **Шәкен—Салима, Телеубек—Бәтима, Марал—Шолпан, Алпыс—Алтын, Шайхы—Шамшия,**

жүлделі орынға ие болды.

Сегіз қырлы, бір сырлы Жәкен халқымыз сүйген ұлттық өнер—аңшылықты, атбегілікті,

деген азаматтық көзқарасы—

ның арқасында ауданымызда ат спортына ерекше назар аударылып, бүгінде спорттың

бұл түрінен облыс көлемінде бірден—бір ауыз толтырып айтарлықтай нәтижелі істерге қол жеткізілді.

Ұлттық өнерді жалғастырып, оның ғажайып тағылымы мен қыр—сырын жетік біліп өсуге жастарымызды баулуда игілікті істерге мұрындық болып басшылық жасап келе жатқан спорт тарланының еңбегі атаусыз қалған жоқ, Ауданымыздың спортын жан—жақты дамытуға қосқан қомақты үлесі үшін Жәкен Ақыжанұлы әлденеше рет аудандық білім бөлімінің, облыстық білім департаментінің Құрмет грамоталарымен марапатталса, өткен жылы Қазақстан Республикасы білім денсаулық және мәдениет министрлігінің Құрмет грамотасымен марапаттады.

Азаматын ардақтай білген халқымыз қазақша күрестен Жәкен Ақыжанұлы атындағы аудандық турнир өткізуді ұйымдастырып отыруы да аптал азаматқа көрсетілген құрмет.

АРНАУ

Сегіз қырлы, бір сырлы Аюлыда бар жігіт,
Ел сенімін ақтаған сом білекті нар жігіт.
Құрметің, сыйың бар, ардақтысың халқыңа,
Жыр арнадым құрметпен бүгінгі мына данқыңа.

Жарасар жігітке өнер күрес деген,
Ақылыңа күшің сай білекпенен.
Аттандырып жарысқа халқың сені,
Қарсы алған құрметтеп тілекпенен,

Өнер жидың жасыңнан нар бойыңа,
Бес қаруың сайлаулы тұр бойыңда.
Аң қағып салбурынға салған еді,
Бұғылы мен Тағылының қыр, ойыңда.

Бәйге ат, құмай тазы, қыран құсың,
Туған жердің аралап шыңын, құзын,
Қасқыр, қарсақ, түлкінің қарға аунаған,
Білесің Аюлыда жортар тұсын,
Аңшының сай келеді сүйген жары,
Ақ Жарқын оймақ ауыз бар ажары.
Жайраңдап аңнан қайтсаң сан жаннаттай
Күлімдеп қарсы алады жар Мниаптай.

Еңбегіңнің жемісін көрдік бүгін көзіңмен,
Үлгі алған ұрпақ бар тәрбие алған өзіңнен.
Сомдаи шықтың нендей бір өнерліні,
Жігітке жеті өнер болған үлгі,
Ақтаңгер Жәкең ардагер Жәкен,
Тілейміз саған денсаулық бекем.
Аққудай қалқып айдында жүзген,
Жасай бер ұзақ қосағыңменен.
Немере құтты болсын дүниеге келген,
Сом білекті өзіндей болсын мерген,
Жырымды арнап өзіне сөз маржанын табайын,
Тілек айтып тойыңда жібек шапан жабайын.

С. СӘЛМЕНОВА,

Зейнеткер-ұстаз,